ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 25 шілде №4360-25-00-2/1418 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Б.Е.Елшібековтың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшылығында А.Қ.Жақыпбектің отыруымен,
ашық сот отырысында мобильді бейнеконференцбайланыс арқылы қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ODO Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Л.Сырбайқызы
Талап қоюшы өкілі А.А.Бекжанов
Жауапкер өкілі М.Е.Кожамжаров

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 28 наурыздағы №14178569-ОК1 «Ашық конкурс» мемлекеттік сатып алудың қорытындысы негізінде компьютер тауарын өнім беруші «ODO Energy» ЖШС-мен «Қызылорда облысының Полиция департаменті» ММ-сі арасында жалпы сомасы 23 332 450 теңгені құрайтын №171 шарт жасалған.

Шарт қазынашылық департаментіне 2025 жылғы 31 наурызда тіркелген.

Өнім беруші осы шартта көрсетілген тауарды, шарт қазынашылық департаментіне тіркелген күннен бастап 30 күнтізбелік күннің ішінде жеткізуді өз міндетіне алған.

Шартты орындау кезеңінде өнім беруші тапсырыс берушіге күн салығын өзгертуге ықпал жасау үшін және негізгі шарттың орындау мерзімін 10 жұмыс күніне ұзартуға қосымша шарт жасауға 2025 жылғы 9 сәуірде және 2025 жылғы 25 сәуірде екі хат жолдаған.

Алайда, өнім беруші аталған тауарды негізгі және қосымша шартта көрсетілген мерзімде жеткізу туралы міндеттемесін орындамаған.

Жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюымен 2025 жылғы 30 мамырда сотқа жүгінген.

Жауапкер талап қою бойынша жазбаша пікірін ұсынып, тауардың бір бөлігін 2025 жылғы 19 маусымда жеткізгенін көрсетіп, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қолдап, бүгінгі күні Шарт біржақты бұзылғанын, сондықтан тауарды қабылдай алмайтынын мәлімдеп, талабын қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі сот отырысында тауардың бір бөлігі жеткізілгенін, тапсырыс беруші аванстық төлемді төлемегенін мәлімдеп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8-бабының 4-тармағының 4)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Сот отырысында анықталғандай, өнім беруші аталған негізгі және қосымша шартта көрсетілген мерзімде жеткізу туралы міндеттемесін орындамаған.

Шартты орындау кезеңінде өнім беруші тапсырыс берушіге құн салығын өзгертуге ықпал жасау үшін және негізгі шарттың орындау мерзімін 10 жұмыс күніне ұзартуға қосымша шарт жасауға 2025 жылғы 9 сәуірде және 2025 жылғы 25 сәуірде екі хат жолдаған. Көрсетілген хаттарында аванстық төлемді төлемегендіктен жеткізе алмайтыны туралы көрсетпеген.

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 25.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 25.09.2025, судья Елшібеков Б. Е., 07.10.2025

4360-25-3-1/1429

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2025 жылғы 30 мамырда жүгінген.

Жоғарыда анықталған жағдайларда, талап қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1966 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілуі тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ODO Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ODO Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «ODO Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақтармен шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Б.Е. Елшібеков**

Көшірмесі дұрыс.

Судья **Б.Е. Елшібеков**

Анықтама. Шешім заңды күшіне 25.09.2025 жылы енді.

Судья **Б.Е. Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 25.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 25.09.2025, судья Елшібеков Б. Е., 07.10.2025

4360-25-3-1/1429

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 25.07.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
- Судопроизводство -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

Заңды күшіне енген күні: 25.09.2025, судья Елшібеков Б. Е., 07.10.2025

4360-25-3-1/1429

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СУД КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120014, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29, тел: +7 (7242) 55-98-51;
факс: +7 (7242) 55-98-51; email: 110202@sud.kz

120014, Республика Казахстан, Кызылординская область, город Кызылорда, улица Айтеке би, 29, тел: +7 (7242) 55-98-51;
факс: +7 (7242) 55-98-51; email: 110202@sud.kz

08.10.2025 № 4360-25-5-29/14199

№4360-25-00-2/1418

«Қызылорда облысының Полиция департаменті» ММ

Қызылорда облысының мамандандырылған экономикалық соты, талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ODO Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы азаматтық ісі бойынша соттың 25.07.2025 жылғы заңды күшіне енген шешім көшірмесі мен ұйғарым көшірмесі орындау үшін жолданады.

Қосымша: Шешім көшірмесі « 3 » парақта, ұйғарым көшірмесі

Судья Б.Елшібеков

Орынд.: Жақыпбек А.Қ.
тел.: *8-7242-55-98-49, 8708-440-95-93, 724-2469@sud.kz*

Құжатты жасаған: ЖАҚЫПБЕК А. К., 8-7242-55-98-43, 724-2467@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: ЕЛШІБЕКОВ Б. Е., 08.10.2025 09:24

ҚР Жоғарғы соты, Төрелік АЖ. ЭСҚ тексеру нәтижесі он

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІ ҚҰЖАТТАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БӨЛІМІ
Кіріс № 8468
20 25 жылғы "08" 10
Негізгі құжат парақ
Қосымша парақ
1/4

4360-25-5-29/14199 08.10.2025